

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 346 Қаулысы.

Әйелдердің жағдайы жөніндегі IV Бүкіл дүниежүзілік конференцияның (Пекин, 1995) іс-қимылдар тұғырнамасын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 999 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастырудың ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
12 наурыздағы N 346
қаулысымен бекітілген

**Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) гендер - ерлер мен әйелдер арасындағы тек биологиялық қана емес, әлеуметтік, саяси және экономикалық факторларға да байланысты рольдері мен өзара қарым-қатынас жүйесін көрсететін мемлекеттің даму тұжырымдамасы (ішкі саясаты);

2) гендерлік теңдік - адамдардың жыныстарына қарамастан, олардың қоғамдағы бірдей (тең) әлеуметтік жағдайы;

3) траФик - әртүрлі негіз бойынша арбалған әйел жынысты адамдарды әрі қарай жыныстық қатынас және экономикалық тұрғыда қанау үшін шет елдерге сату;

4) дағдарыс орталығы - зорлық-зомбылықтан жәбір көрген әйелдерге арналған, олар психологиялық, заңдық кеңес, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек немесе баспанаға жолдама алатын коммерциялық емес ұйымдар;

5) баспана - зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің уақытша тұруын қамтамасыз ететін әрі олардың әлеуметтік бейімделуі мен оналуы үшін қажетті қызметтер көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;

6) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және қоғамдық бірлестіктерге: облыстар, Астана мен Алматы қалалары әкімдері жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар, ішкі істер, әділет, білім беру, денсаулық сақтау, еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, туризм мен спорт органдары, дағдарыс орталықтары және зорлық-зомбылықтан жәбір көрген әйелдерге арналған баспаналар (келісім бойынша) және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын коммерциялық емес өзге де ұйымдар (келісім бойынша) жатады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.28 N 138 , 2008.06.20 N 597 Қаулыларымен.

2. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы

2. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына , "Қазақстан Республикасының әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына негізделеді және осы Ережеден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 999 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарынан, әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерден тұрады.

3. Өзара іс-қимылдың стратегиялық мақсаттары, міндеттері және қағидаттары

3. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер өзара іс-қимылын ұйымдастырудың стратегиялық мақсаты зорлық-зомбылықтан жәбір көрген әйелдерге көмек көрсету үшін олардың мүмкіндіктерін біріктіру болып табылады.

4. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу мәселелерінде өзара іс-қимыл жасауының негізгі міндеттер:

1) әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

2) зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерге көмек көрсету жөніндегі нақты іс-қимылдарды белгілеу;

3) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық түрлері, тәсілдері мен әдістері туралы, сондай-ақ олардың жасалуына итермелейтін себептер мен жағдайларды зерттеуді бірлесіп жүргізу;

4) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу және оның жолын кесу мәселелерінде халыққа құқықтық көмек көрсету;

5) ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырушы бөлімшелері мен дағдарыс орталықтары қызметкерлерін зорлықтан жәбір көрген әйелдерге көмек көрсету нысандары мен әдістеріне бірлесіп үйретуді енгізу;

6) әйелдердің мәртебесін көтеруге бағытталған мемлекеттік және аймақтық әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

7) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін халықаралық құқық нормаларына сәйкес келтіру мақсатында оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар дайындау.

4. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер арасындағы өзара ақпарат алмасуды ұйымдастыру

5. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер өздерінің қызметі барысында өз құзыреті шегінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, оның жасалуына итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы ақпараттар алу және қорыту жөнінде шараларды жүзеге асырады әрі өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.